

БЕКІТЕМІН
Гаухар-Тас жекеменшік балабақшасының
менгерушісі: *Сейдіт* Г.Куршесова



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы

Топ: «Ақбота» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.08.2025ж. - 08.08.2025ж. «Ас атасы – нан»

Педагогтің аты-жөні: Суйеуова К.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	Алтын дән	Нан - дастархан байлығы	Нан болса ән де болады	Егіс алқабында	Жемістер мен көкөністер
Балаларды далада қабылдау	Тәрбиешінің балалар мен және ата-аналармен сөйлесуі: жеке әңгімелесу, балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастыруға арналған ойындар. Бір-біріне деген достық қарым-қатынас қалыптастыру, қуаныш, жылулық пен махаббат атмосферасын орнату.				
	"Ұқсас сөздер" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: синонимдерді табуға көмектесу; берілген заттарды сипаттау үшін нақты, қайталанбайтын сөздерді тандауға үйрету; сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. "Бұл қандай ағаштың	"Пазлды құра" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: салыстыру, жалпылау, заттарды дұрыс атауға, ұсақ бөлшектерден тұтас бейнені, сюжетті құрастыруға машықтандыру; ұсақ қолмоторикасын, ойлау қабілетін дамыту.	"Жеңіл - ауыр, баяу - тез" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды айтылған нұсқауды түсініп, ережеге сай қимылдауға машықтандыру; жабайы аңдардың қимылдары туралы пысықтау; ақыл-ой қабілеттерін дамыту. - Балалар, ал сендер	"Үш торай" ойын-санамағы. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты ырғаққа сай мәнерлеп айтуға машықтандыру; ертегілер әлеміне деген	"Қатені тап" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: есту қабылдауын, зейіндерін дамыту. Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп

	"Гүлдер" суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер: жазғы гүлдер жайлы білімдерін кеңейту және байыту. (еңбек іс-әрекеті)	"Ойыншықтарды реттеп қоямыз". Мақсат-міндеттер: балаларды жұмыс басталар алдында жұмыс алжапқыштарын киюге үйрету; ойыншықтарды жинақы: жуу, кептіру, сүрту және орындарына қою; еңбексүйгіштікті дамыту, ретсіздікті көре білу; сумен жұмыс істеу кезіндегі ұқыптылық. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	"Ұйымдастырылған іс-әрекеттегі кезекшілік". Мақсат-міндеттер: кезекші міндетін өз бетінше, адал орындау: үстелге тәрбиеші дайындаған материалдар мен құралдарды қою; оқу қызметінен кейін оларды жуу және орындарына жинау. еңбексүйгіштікті, ересектерге көмектесу ниетін дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	"Құрылыс материалдарын жинау". Мақсат-міндеттер: құрылыс материалын жуу, кептіру және жинауды үйрету, балаларды әрқашан және уақытылы ойын бұрышындағы тазалықты сақтауға үйрету, тәрбиеші дайындаған құрылыс материалдарын сабын ерітіндісімен жуу, шаю, кептіру; жеке бас гигиенасын сақтау. (еңбек іс-әрекеті)	"Орамалдарды ауыстырамыз". Мақсат-міндеттер: еңбек ету ниетін дамыту, өз көмегін ұсына білуге дағдыландыру. (еңбек іс-әрекеті)
Таңғы гимнастика	Ояныңдар, тұрыңдар! Мұнда мойын бұрыңдар, Жаттығулар жасайық, Терезені ашайық. Таза ауа пайдалы, Қане, биге басайық. Шынықса жас денеміз, Жылдам өсе береміз. (дене тәрбиесі)				
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап

	шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.
Таңғы ас	Тамақтану кезіндегі мәдени дағдыларды қалыптастыру: тамақты-ауызды жауып шайнау, тамақ ішкен кезде сөйлемей. Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа,				

	Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау. - көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу; - ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау; - табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы» Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Орман-дәрігері" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып беріп, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу; ертегіні тыңдауға	«Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; - шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу; - нан қиқымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау; - нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу. "Дойбы" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: ой-өрісін дамыту. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Мысыққа қонаққа барамыз" Мақсат-міндеттер: Кеңістікте шарлау және оңға, солға, ортасына деген сөздердің шақыру қабілетін бекіту; Музыкадан ойын-	Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - наубайхана жұмысымен таныстыру; - «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату; - тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру. Түрлі-түсті борлармен асфальтта сурет салу. Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдау, елестету, ойлау қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. "Таба нан" Жұрт қызығып қараған, Жақсы көрген әр адам, Жарық күндей ып-ыстық Табадағы таба нан.	«Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру; - Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату; - «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру. Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай" (Д. Ахметова). Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу) Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру) Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу) Томпақтап, (қос жұдырықты	Жемістер мен көкөністер - «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; - «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру. "Көкөністер" сергіту сәті Бакшаға барамыз, (қадамдар орында) Біз егін жинаймыз. Біз сәбізді сүйрейміз («сүйрейді») Біз картоп қазамыз. («қазады») Біз қырыққабатты кесеміз, («кеседі») Дөңгелек, шырынды, өте дәмді (қолмен шеңберді үш рет

	үйрету; ертегіні рөлдерге бөліп ойнату арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту; ертегі арқылы балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	жаттығу "Ертегілер елі" Мақсат-міндеттер: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	"Шелпек" Елге келсең, ер ұлан, Қарама сен немкетті. Шыққан ана қолынан Сүйсініп же шелпекті. "Бауырсақ" Жеп көрмесең болмайды, Үйдің дәмін сағынсақ. Қақтырады таңдайды Майға піскен бауырсақ. Дене тәрбиесінен ойын-жаттығу "Доғаның астынан еңбектейміз" Мақсат-міндеттер: Балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету; тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден бытырап жүгіру; қозғалыс бағытын өзгертіп жүру дағдыларын әрі қарай дамыту; допты қақпаға домалату іскерліктерін қимылды ойындар арқылы дамыту.	айналдыру) Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айкастырып салу) Жалпақтап. "Өсімдіктерді ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктері жайлы балалардың білімдерін кеңейту, байланыстыра сөйлеуді дамыту. Құралдары: бөлме өсімдіктері. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; мазмұнды эмоционалды қабылдай білу қабілеттерін дамыту;	көрсетеді) Қымықты аздап жұламыз («жұлады») Және жолға ораламыз. (қадамдар орнында) Қоршаған әлеммен танысудан ойын-жаттығу "Қонжыққа көмектесейік" Мақсат-міндеттер: Жабайы жануарлардың өмірі туралы түсініктерді бекіту, жабайы жануарлардың ерекше белгілерін анықтауға, жануарлар туралы сипаттамалық әңгімелер құруға үйрету; көзбен қабылдауды, сөйлеуді, естуді, есте сақтауды, зейінді, логикалық ойлауды дамыту; жолдастардың жауаптарын тыңдай білуге, жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.
--	---	---	--	---	--

				сұраққа жауап беруге және дәнді дақылдар, егістік туралы білімдерін кеңейту.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.
Күндізгі серуен	Бұталарды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: бұталар жайлы білімдерін кеңейту және тереңдету. Балаларға жұпаргүл, итмұрын, қарақат бұталарын көрсетіп, айырмашылықтарын айтуды ұсыну. Балаларға көктемде бұталар гүлдеп, жазда итмұрын мен қарақат	Аққайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: қайыңға тән қасиеттері мен ерекшеліктерін бақылауды жалғастыру. Қайың – әдемі ағаш; ақ түсті қабығымен ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі шымыр.	Сауысқанды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі құстардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; жаңа сөздермен, түсініктермен білімдерін молайту. "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан.	Желді бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ауа-райының өзгерістері жайлы түсініктерін бекітуді жалғастыру; жел оның қасиеттері жайлы түсініктерін қалыптастыру, желдің бағытын анықтауға үйрету. Педагог балаларға	Торғайларды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: торғайдың ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. "Торғай-торғай, тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу. Мақсат-міндеттер:

бұталарында жидектердің пісетінін байқату. Қарақат жидегінен тосап пісіріп, ал итбұрын жидегін кептіріп, емдік шайды бұқтыруға болатынын әңгімелеу. Еңбек әрекеті: бұталарды молынан суару. Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмектесу, суғару кезінде суды бақылау. "Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ	Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде гүлдейді және гүлдері сырға секілді салбырап жатады. Қайынның шырыны өте пайдалы, оны діңінен ағызып жинайды. Еңбек әрекеті: құмсалғыштың сыртындағы құмды қырып жинау. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге үйрету, нәтижесіне қуану. "Қайыңға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге машықтандыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауға дағдыландыру. "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.	Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. (Ел аузынан). Сауысқанның шықылықтағанын тыңдату. Сауысқан жылтыр заттар мен әшекейлерді ұясына жинайтынын әңгімелеу. Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттер: бірігіп еңбектенуге, орындалған жұмыс пен нәтижесінен қуаныш сезінуге бейімдеу. Жаңылтпаш жаттау жаттығуы. Мақсаты: көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру; артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. Дөп-дөңгелек Доп дөңгелеп келеді. Тепкен бөгеп қарап Аяқ оған керегі. О. Асқар. "Жапалақ" қимыл-	жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады. "Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге қарап,	балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Халық ауыз әдебиеті. Еңбек әрекеті: сәбилер ойын алаңындағы құмды жинау. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын, достық қарым-қатынасты қалыптастыру. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын
---	---	---	--	---

бұтақтар. Педагог балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады. Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл	Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. "Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі	қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып	далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың мысалы жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр. Еңбек әрекеті: құммен құрылыс жасау. Мақсат-міндеттер: өз беттерінше рөлдерге бөліне білу, бірігіп әрекет ету. "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл	шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан
---	--	---	---	---

түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. "Секіріп өт" қимыл-қозғалыс ойыны Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту,	жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	айтылады. "Доп ұстаған пингвиндер" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіруді қиындатып, екі аяқпен, көзді жұмып, алға секіру, затты екі аяқтың ортасына қысып қозғалу. Қауіпсіз жолды ескеру. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Нысана". Мақсат-міндеттер: дәл тигізуді дамыту.	байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір	топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. "Нысанаға тигіз" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты: ұшып келе жатқан заттың бағытын байқауға, қимылды дұрыс орындауға үйрету. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты дамыту, заттар арасынан "жыланша" жиырылып, оларды құлатпай жүруді үйрету.
---	--	---	---	---

	"Қапты жеткіз". Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.			баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. "Қасқыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: зейіндерін және тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, допты нысанаға лақтыру біліктіліктерін бекіту. Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді	Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді	Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді	Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді	Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді

	шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету.	шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету.	шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету.	шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету.	шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету.
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Түскі асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында

	жуғызу.	жуғызу.	жуғызу.	қол жуу ережесін сақтап жуғызу.	қол жуу ережесін сақтап жуғызу.
Түскі ас	Тамақтану кезіндегі мәдени дағдыларды қалыптастыру: тамақты-ауызды жауып шайнау, тамақ ішкен кезде сөйлемей. Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ертегілер оқу, тыңдау. (көркем әдебиет)				
Ұйқыдан тұру	"Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру." (дене тәрбиесі)				
Бесін асқа дайыдық. Бесін ас.	Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	"Ненің жапырағы қайда?" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру біліктілігін,	"Қандай құс екенін тап?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: түсініктерін нақтылау және кеңейту құстардың жазғы	"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін	Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың ой-	"Логикалық емес байланыстар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту. Барысы. Баланың

зейіндерін, есте сақтауларын дамыту; табиғатты тануға көмектесу Ойын барысында балалар қолданады ойын материалдар мен көрнекі құралдар пайдаланылады: ағаштар (емен, үйеңкі) бейнеленген карточкалар, сол ағаштардың қиылған жапырақтары, тәрбиеші жапырақтарды араластырады да, балаларға мейірімсіз жел ағаш жапырақтарын жұлып, барлығын араластырып тастағаны жайлы айтады. Сюжетті-рөлдік ойын. "Пошта". Мақсат-міндеттер: балаларға поштаның алатын орны жайлы түсіндіру, онда қызмет атқаратын мамандар туралы жалпы ақпаратты бекіту; ойын барысында өтпелі заттарды (хат,	тіршілігі, құстарды өзіне тән ерекшеліктері бойынша сипаттауға үйрету; есте сақтауды дамыту; Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балалары құстарды сипаттайды, ал екіншілері-қандай құс екенін табу керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Кейін өз сұрақтарын басқа топ қояды. Сюжетті-рөлдік ойын "Орманда". Мақсат-міндеттер: Әртүрлі өсімдіктер, дәндер, саңырауқұлақ атауларын бекіту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қызығушылықтарын тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойын алдында тәрбиеші ата-аналармен бірге, жақын маңайдағы саябаққа	дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары, "жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары. Сюжетті-рөлдік ойын "Пиццерия". Мақсат-міндеттер: өз	өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. Сюжетті-рөлдік ойын "Ғарышкерлер". Мақсат-міндеттер: мектепке дейінгілердің әскери-патриоттық дайындығына ықпал	алдында әртүрлі заттар бейнелеген карточкалар жатады. Балалармен бірге суретке байланысты сөз табуға байқап көру. Әр ассоциация үшін қажет суретті табу. Бала қиялына ерік беру, шектеу қоймау. Нәтижесінде кішігірім оқиға шығу керек. Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар", Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-
--	--	---	--	--

тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме) қолдануды үйрету; топпен бірігіп ойын желісіне қосылуға, өз орнын табуға жетелеу; ой-өрістерін, қиялдарын, қатынастық қабілеттерін, затпен сондай-ақ затсыз әрекет ету біліктіліктерін дамыту; еңбекті құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. "Пошта" жазуы, арнайы, белгіленген орын; қаптамаға арналған қағаз материал, байлауға арналған жіп, қайшы; хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; қаламдар, маркерлер, маркасы бар жетондар, қарындаш желім, телефон, рөл.	экскурсия ұйымдастырады. Өсімдіктер мен ағаштардың атауларымен таныстырады. Назарларын ондағы тіршілік етушілерге: жәндіктер, құстар және т. б.(орман тұрғындары) аударды. Балалар құстардың дауыстарын естиді. Тәрбиеші алдын-ала рөлдерге бөледі: бірнеше адамды орман иелерінің рөліне алады, қалғандары орман қонақтары. Орман иелері тәрбиешінің басшылығымен қонақтарға арналған ойындар үшін материал таңдайды. Тәрбиеші айтады: «Балалар, бүгін сендерге орман кілтін табу керек болады.	бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу. Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; ас мәзірі; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары; пиццерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп	ету, дене шынықтыру дайындығын жетілдіру. Ойын сюжетін өз бетінше дамытуға үйрету. Ойын барысы. Ойынға қызығушылықтарын дамыту үшін, тәрбиеші балаларға "Ғарышкерлер" ашық хат жиынтығын қарастыруды ұсынады. Олармен ғарыш мамандары, ғарышкер қандай қасиеттерге ие болу керектігі жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалармен ғарышкер-адамдардың мінезін талқылайды. Одан кейін тәрбиеші балалармен бірге, «Ғарышқа ұшу» ойын сюжетінің шамалы жоспарын белгілейді, ол келесі тармақтарды қамтуы мүмкін: ғарышкерлерді	қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
--	--	--	--	---

			ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін.	жаттықтыру, ұшуға дайындығына емтихан тапсыру, дәрігердің қарауы, зымыранға отыру, кемені қосу, ғарыштағы жұмыс, кеме бортынан хабарлау, жерден ұшуды басқару, жерге қону, жерде кездесу, медициналық тексеріс, ұшудан кейін ғарышкерлердің тынығуы.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру.
Серуен	Бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,	Масаларды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем	Торғайларды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем	Ойын алаңындағы ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді	Инелікті бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем

дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: тансыз табиғаттың алуандығы жайлы түсініктерін кеңейту. "Бұлт". Тұңғиық, түпсіз көк аспан Жайымен ғана жатыр сұлқ. Керуендей адасқан Келеді жылжып бір топ бұлт. Кенет дауыл сап етті, Қайтадан мініп қалпына. Бұлтты айдап әкетті Бұрылттырмай артына! Мұқағали Мақатаев Еңбек әрекеті: шығарылатын материалдарын дайындау. Мақсат-міндеттер: ұқыштылыққа тәрбиелеу, табиғатты аялауға баулу. "Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін	әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі жәндіктер туралы ұғымдарын жүйелеу; табиғат сұлулығына сүйсіне білу біліктілігін тәрбиелеу, сөйлеу тілін дамыту. Бақылаудан кейін "Маса мен аю" ертегісін әңгімелеу. Масаның кішкентай болғанмен, мазаны алатыны туралы ескерту. "Допты бер – жәндікті ата" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: ойлау жылдамдығын, тез әрекет етуді дамыту. Еңбек әрекеті: дымқыл ауамен құрастыру. Мақсат-міндеттер: бір- біріне деген жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын	әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Торғайдың ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін. Қанаттарын жайып жан- жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан- жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу,	дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: таныстыру құрылымдық ерекшеліктерімен, өзіне тән ерекшеліктерімен таныстыру, танымдық белсенділіктерін дамыту. Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинаудағы ұжымдық еңбек. Мақсаты: берілген нысанға зейінді шоғырландыру білуді бекіту. "Қатарға тұрып билейік" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін,	әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: инеліктің сыртқы кейіпі жайлы білімдерін кеңейту; барлық тіршілік иелеріне қамқорлық танытуға тәрбиелеу. "Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар". Міне, қызық тойлы ауыл! Ойын-сауық, ойда ауыл. Қазан асқан, от жаққан, Құмырсқалар құрайлап, Масалары сырнайлап, Келіп жатыр жан- жақтан... Қызыл, жасыл киінген, Панданып мұрын шүйірген Инелік пен көбелек. Шыбын-шіркей шыңылдап, Қобызын тартып қырылдап, Келіп қапты бүгелек.
--	--	--	--	---

кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. "Ақ сандық, көк сандық"	шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген	қолдармен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Д. Ахметова. Еңбек әрекеті: күннен қорғайтын қалпақ жасау. Мақсат-міндеттер: шығармашылықпен бірігіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу. "Аққу-қаздар" ойыны. Мақсат-міндеттер: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын	вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Басты оң-солға бұрып, Қос иықты көтерейік. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Жоғары қол көтеріп, Бұлғап, төмен түсірейік. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Аяқты кезек көтеріп, Маршпен шапалақтап жүрейік. Д. Ахметова. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.	Ө. Тұрманжанов "Инелік әні" қимыл-қозғалыс әні. Мақсат-міндеттер: ырғақты, мәнерлі сөйлеуді дамыту; қимыл-қозғалыс координациясын жетілдіру. Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: жұмысты тиянақты орындауға үйрету, қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруде жаттығу, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.
---	--	--	--	---

қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты дамыту, аяқтың ұшымен, өкшемен жүруді жетілдіру.	"аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. "Кім алыс лақтырады?" ойын-жарысы (қапшаларды лақтыру). Мақсат-міндеттер: лақтыру ұзақтығын дамыту; дәлдікке бейімдеу. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту ойындары (алысқа лақтыру). Мақсат-міндеттер:	бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. - Аққу-қаздар, қайдасындар? Қайда қонып, ұшасындар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға	Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. "Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей,	Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. "Жылдам алып, жылдам қой" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс дағдыларын бекіту, ептілікті, батылдықты дамыту. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орыннан биікке секіру. Мақсат-міндеттер: күшпен жылдамдықты біріктіру.
--	---	---	---	---

		затты бір қолмен алысқа лақтыру техникасын жақсарту (барлық түрлерінде).	тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. "Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: лақтыру нақтылығын, ептілікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Көпірден өту". Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті жаттықтыру.	арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, еңкейіп жүру. Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің тапсырған қимылдарын орындау қабілетін дамыту.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Кешкі ас	Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар! Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. (шығармашылық дағдылар, музыка) Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық, сурет салу,				

	мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (танымдық дағдылар)				
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Әңгімелесу: "Балалар өз бетінше не істей алады?"	Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде".	Кеңес: "Ойын ойнаймыз, есте сақтауды дамытамыз".	Жолда жүру ереже бойынша әңгімелесу: "Балақай нені білу керек?"	Әңгімелесу: "Табиғат біздің анамыз!"